

Мылтыкбаева А.Т.,  
Ғалымқызы Г.

**Қазақстандағы инновациялық  
белсенділіктің ағымдағы  
жағдайы мен мәселелері**

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелерге қызығуы мен бет бұруы әлем елдерінің әлеуметтік – экономикалық дамуында ең бірінші ғылыми-техникалық дамумен байланысты болып отыр. Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау үшін инновациялық және венчурлік бизнестің қалыптасуы өте маңызды болып табылады. Инновациялық белсенділік арқылы инновациялық қызмет сипатына баға беріледі, осы арқылы инновациялық белсенділіктің мағынасын ашуға болады. Негізінен елімізде инновациялық белсенділікті арттыру аймақтық инновациялық дамыту арқылы жүзеге асып жатыр. Қазақстан өңірлерінің инновациялық белсенділігі де әр алуан болып отыр, өйткені ол қолда бар ғылыми-техникалық, қаржылық, еңбек ресурстарға және оларды пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты. Осыны ескере отырып, берілген мақалада ел экономикасының инфрақұрылымында инновациялық белсенділіктің ағымдағы жағдайы мен мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ Қазақстанның инновациялық әлеуетін көтеріп, белсенділігін арттыру мәселелері қарастырылды.

**Түйін сөздер:** инновациялық белсенділік, экономика инфрақұрылымы, нарықтық экономика, инновациялық әлеует, инновациялық қызмет.

Mylytkbaeva A.T.,  
Galymkyzy G.

**Current state and problems of  
innovative activity in Kazakhstan**

Now interest of the Republic of Kazakhstan in innovative problems it is connected with scientific and technical development by social and economic development of the countries of the world. Generally at economic developments of the country, for planning of scientific and technical resources by the most important is formations of innovative and venture businesses. Through innovative activity the assessment is given for nature of innovative service, through this process it is possible to open essence of innovative activity. Generally in the country are realized increase in innovative activity through regional innovative development. Innovative activity of regions of Kazakhstan is a miscellaneous because, it is connected with existence scientific and technical, financial, a manpower and opportunities of their use. Considering above-stated, in article current state and problems of innovative activity is provided in infrastructure of national economy. Problematic issues increase in innovative potential and increase in its activity are brought up.

**Key words:** innovative activity, infrastructure of economy, market economy, innovative potential, innovative service.

Мылтыкбаева А.Т.,  
Ғалымқызы Г.

**Текущее состояние и  
проблемы инновационной  
активности в Казахстане**

В настоящее время интерес Республики Казахстан к инновационным проблемам связан с научно-техническим развитием, социально-экономическим развитием стран мира. В основном при экономическом развитии страны, для планирования научно-технических ресурсов самым важным является формирование инновационных и венчурных бизнесов. Через инновационную активность выдается оценка на характер инновационной услуги, через данный процесс можно открыть сущность инновационной активности. В основном в стране реализуется увеличение инновационной активности через региональное инновационное развитие. Инновационная активность регионов Казахстана является разной, это связано с наличием научно-технических, финансовых, трудовых ресурсов и возможностями их использования. Учитывая вышеуказанное, в статье предусмотрено текущее состояние и проблемы инновационной активности в инфраструктуре экономики страны. Подняты проблемные вопросы увеличения инновационного потенциала и увеличения его активности.

**Ключевые слова:** инновационная активность, инфраструктура экономики, рыночная экономика, инновационный потенциал, инновационная услуга.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ  
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ  
МЕН МӘСЕЛелЕРІ**

Экономикалық дамудың ХХІ ғасырдағы өсу факторы ретінде инновациялардың ролі артып отыр, ал әлемдік экономиканың даму перспективаларын «инновациялық экономиканың» қалыптасуымен байланыстырады. Әлемдегі дамыған елдер тәжірибесі және отандық тәжірибе бойынша тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу инновациялық қызметсіз жүзеге аспайтындығына көз жетті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «елімізде ұлттық инновациялық жүйе құратын уақыт жетті» деп атап көрсеткендей, инновациялық белсенділік ел экономикасы дамуының басты күші болып табылады.

Мемлекет экономиканың инновациялық дамуын ынталандыруы, әлемнің индустриалды дамыған (АҚШ, Жапония, Германия) және қарқынды дамушы елдердің (Бразилия, Мексика, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия) тәжірибесі көрсеткендей, ол – қажеттілік. Бұл елдер инновациялық саланы дамыту арқасында экономикалық жетістіктерге жетіп, ғылыми–техникалық және инновациялық көшбасшы болып, бәсекеге қабілетті өнім өндірудің іргетасын қалап, оны әрі қарай іргелетін негізгі факторларының бірі – инновациялық менеджментті тиімді пайдалануды көздеп отыр. Әрине, инновацияға сезімтал тиімді нарықтық қатынастар тек тұрақты, әрі әділ заңды – құқықтық негізде және қаржылық жүйе арқылы ғана қалыптастыруға болады. Мұндай тұрақтылық жоқ жерде мемлекетте бәсекелестік орта қалыптастыру бос елес болмақ. Отандық ұйымдардың инновациялық белсенділігінің төмендігі, инновациялық менеджментінің қалыптаспауының бейнесі [1].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелерге қызығуы мен бет бұруы әлем елдерінің әлеуметтік – экономикалық дамуында ең бірінші ғылыми-техникалық дамумен байланысты болып отыр. Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау үшін инновациялық және венчурлік бизнестің қалыптасуы өте маңызды болып табылады.

Жалпы инновациялық белсенді болу, қазіргі кездегі қажеттілік екенін айту артық болар. Осы орайда, Қазақстанның инновация саласындағы белсенділігі төмен деңгейде болуы инновациялық қызметтің дамуының тежегіші болып отыр. Былтырғы 2013 жылы тек бұл саладағы белсенділік 5,3%-ды

құрағаны баршаға аян. Бұл көрсеткіш бойынша әрине АҚШ, Жапония, Еуро Одақ мемлекеттері көш бастап келеді.

Инновациялық белсенділік біздің елімізде қандай күй кешуде екенін талқылап көрейік. Қазіргі таңда елімізде мемлекет тарапынан қолға алынып жатқан шараларға қарамастан инновациялық белсенділікті арттыру әлі де мүмкін болмай отыр. ЖІӨ-дегі жаңа ғылыми өнім үлесінің соңғы жылдары күрт кеміп, 2013 жылы небәрі 0,69%-ға тең болса, кәсіпорындардың ғылыми өнімдер өндіру жөніндегі белсенділігі де 2011 жылғы 2,4% деңгейден 2013 жылы 1,3% мөлшеріне дейін төмендеген. Бұл ғылыми-техникалық қызметтің елдің экономикалық дамуына әлі де негіз бола қоймағанын аңғартады. Әлемнің көптеген елдерінде елдерде бұл көрсеткіш өте жоғары. Мәселен, АҚШ-та

50%, Түркияда – 33%, Венгрияда – 47%, Эстонияда – 36%. Сондай-ақ, дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жаңа білімдері мен ғылымның негізінде туындаған жетілдірілген технологиялар, өнімдер, жабдықтардың үлесіне ЖІӨ өсімінің 70-тен 85%-ыне дейін келеді.

1-кестенің мәліметтеріне сүйене отырып, еліміздегі өңірлерді инновациялық белсенділіктері бойынша үш топқа бөліп қарауға болады:

Төменгі деңгейлі топқа Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар облыстары және Алматы қаласы жатады;

Орта деңгейлі топқа Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары кіреді;

Жоғары деңгейлі топқа Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы енеді (1-кесте).

**1-кесте** – Инновация саласындағы инновациялық белсенділік, % [3]

	2011	2012	2013	2014
Қазақстан Республикасы	5,7	7,6	8,0	8,1
Ақмола	1,0	5,8	7,1	7,3
Ақтөбе	8,5	5,9	6,5	7,6
Алматы	4,6	8,8	9,5	9,4
Атырау	6,6	4,8	5,1	8,1
Шығыс Қазақстан	8,1	6,8	5,6	7,6
Жамбыл	10,2	9,7	10,2	12,2
Батыс Қазақстан	12,7	9,5	5,3	6,6
Қарағанды	7,2	8,5	7,6	8,4
Қостанай	4,8	14,1	11,8	13,6
Қызылорда	8,0	12,8	12,0	10,1
Маңғыстау	1,1	1,6	2,4	3,4
Павлодар	5,4	5,5	6,4	6,9
Солтүстік Қазақстан	2,4	11,0	10,9	11,6
Оңтүстік Қазақстан	7,0	5,4	6,4	7,0
Астана қаласы	4,1	7,5	11,1	10,7
Алматы қаласы	5,7	7,3	8,0	5,0

Осы өңірлердің соңғысы жоғары деңгейлі топтарға қалған екі төменгі және орта деңгейлі топтағы облыстарды тарту үшін біз не істеуіміз керек, қайткен жағдайда біздің еліміздің инновациялық белсенділігі біраз шамаға көтеруге болады деген сауал туындайды.

Қазіргі кезде тек мемлекет қана инновациялық белсенділікті жаңғыртушы қозғаушы күш бола алады, өйткені отандық жеке сектор әлі ұзақ уақыт ірі және ұзақ мерзімді инвестициялар жасай алмайды. Мемлекеттік қолдау бірнеше салааралық жобалар мен экспортқа

бағытталған өнім шығару шеңберін жүзеге асыруға бағытталуы керек.

Негізінен елімізде инновациялық белсенділікті арттыру аймақтық инновациялық дамыту арқылы жүзеге асып жатыр. Қазақстан өңірлерінің инновациялық белсенділігі де әр алуан болып отыр, өйткені ол қолда бар ғылыми-техникалық, қаржылық, еңбек ресурстарға және оларды пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты. Сондықтан, өңірлердің инновациялық белсенділігі олардың инновациялық әлеуетіне байланысты қалыптасуда және де әртүрлі деңгейді көрсетіп отыр.

Сонымен еліміздің инновациялық қызметіндегі басты мәселелер:

1) мемлекет бюджетінен тиімділігі жоғары және технологиялық даму бағдарламаларын, мемлекеттік маңыздылығы бар инновациялық жобаларды, коммерциялық жағынан тиімді инновациялық жобаларды толығымен және үлесті қаржыландыруға қаржы әлі де мардымсыз;

2) жоғары технологиялық өндіріске қаражаттарын салатын инвесторларға мемлекет тарапынан қолдауы біраз төмен деңгейде;

3) ғылыми сыйымдылығы бар құрал-жабдық лизингі және инновациялық өнім дамуы қарқынды емес;

4) инновациялық жобалар мен оларды іске асырушыларды конкурстық таңдау жүйесін жетілдіру үшін шаралардың аздығы;

5) экономика саласында шағын, тиімді және тез сатылатын инновациялық жобалардың үлестік салмағын төмен көрсеткіштерге ие;

Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, жақын болашақта ақпараттық технологиялар, биоинженерия, қуатты компьютерлік қолдаумен жаңа физикалық принциптерді үйлестіретін жоғары өндірістік технологиялар, экология және тағы басқа облыстарының мамандарына сұраныс аса жоғары және тұрақты болады.

Инновациялық белсенділік – өзіндік жеке дара категория, инновациялық белсенділік арқылы инновациялық қызмет сипатына баға беріледі, осы арқылы инновациялық белсенділіктің мағынасын ашуға болады. Кез келген қызмет сияқты (маркетинг, стратегияны құру мен жүзеге асыру және т.б.) инновациялық қызмет те ең алдымен мазмұн жағынан, құрамымен, белгілі бір технология немесе процедура арқылы анықталған іс-әрекеттермен жүзеге асыру арқылы сипатқа ие болады [3].

Сонымен «инновациялық белсенділік» белгісі инновациялық қызметтің келесідей сипатына ие. Біріншіден, инновациялық қызмет стратегия-

лық сипатқа ие болуы керек және нақты уақыт аралығында басқаруға келетіндей болуы тиіс, себебі сыртқы ортаның тұрақсыздығы күрт жоғарылап кетуі мүмкін. Сондықтан, стратегиялық тәсіл инновациялық қызметтің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Екіншіден, ағымдағы уақытта инновациялық қызмет рационалды болуы керек, осы жағдайда қалаған уақытында ол динамикалы болады және қажетті жұмыстардың қарқыны мен әрбір өзгерісі бізге анықталынып, біз содан хабардар болып отырамыз. Ал қарсы жағдайда инновациялық қызмет қажетсіз болып, ол жағымсыз әсерлер беретін болады (резервтер мен ресурстардың және уақыттың тиімсіз шығынға кетуі) [2].

Қазақстанда инновациялық белсенділікті арттыру үшін мыналарды ұсынамыз:

- Экономиканы диверсификациялау;
- Инновациялық дамуға жағдай жасауды жалғастыру, инфрақұрылымды дамыту;
- Кәсіби инновациялық менеджментті қалыптастыру, ұйымдарға енгізу;
- Инновациялық менеджерлердің біліктілігін арттыру;
- Ғылыми сыйымдылығы мол сапалы өнім шығару;
- Компаниялардың зерттеулерге және дамуға шығындарды ұлғайту;
- ЖОО мен өндіріс арасында тығыз байланыс орнату, бірлескен жобалар мен зерттеулерді арттыру;
- Озық технологиялық өнімдерді алу;
- Технологиялар трансфертін жүргізу;
- Өзіндік зерттеу топтарын құру;
- Ғылыми-зерттеу лабораторияларын құру арқылы патент алуды көбейту;
- Зерттеу жұмысымен айналысатын адамдардың қызметін қаржылық ынталандыру;
- Инновациялық кәсіпкерлікті қолдауда мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер енгізуі тиіс: Қосылған құн салығы, мен корпоративті табыс салықтарына салықтық каникулдар беру, яғни инновациялық өнімді енгізуден кейін салық салу;
- Инновациялық жобаларға несиелік жеңілдіктер беру;
- Отандық өнертапқыштардың халықаралық нарыққа шығуын қамтамасыз ету.

Инновация менеджментінде жаңа әдіс амалдарды дамытуды қоса алғанда, инновациялық белсенділікті арттыру мен ұйымдық құрылымды үйлестіру маңызды заңдылық болып табылады. Оның мәні: технологиялық дамудағы сапалық өзгерістер шынайы түрде кәсіпорынның

ұйымдық құрылымында, өндірісті ұйымдастыру басқарудың жаңа әдістерін қолдануды, қызметкерлердің төмендеу деңгейі және біліктілігін дамытуда өзгерістер туғызады.

Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады. Бұл айтарлықтай үлкен әлеует және оны пайдалану инновациялық қызметті ұйымдасты-

руды және инновациялық белсенділікті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Қорытындылай келе, инновациялық белсенділіктің қоғамдағы, экономикадағы орны бөлек және қазіргі кездегі әрбір елдің дамуының басты факторы болып отыр. Инновациялық қызметтің нәтижелерін пайдалану және инновациялық белсенділікті арттыру арқылы елдің әлеуметтік-саяси дамуын нақты деңгейге көтеруге болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Купешова С.Т. «Инновациялық менеджмент». – Алматы, 2011. – 234 б.
- 2 Әмірбекұлы Е. «Инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі». – Алматы, 2010. – 14-15 б.
- 3 <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің ресми сайты.

#### References

- 1 Kupeshova S.T. «Innovatsiaylyk menedzhment». – Almaty 2011. – 234 b.
- 2 Amirbekuly E. «Innovatsiaylyk infrakurylymды damytydyn ekonomokalyk mehanizmi». – Almaty, 2010. – 14-15 b.
- 3 <http://www.stat.gov.kz/> Kazakstan Respublikasy statistika agenttignin resmi saity.